

1. Игровые сценарии. Педагоги могут вводить в занятия сюжетные игры, в которых дети учатся оценивать риски (например, как перейти дорогу или обращаться с бытовыми приборами).

2. Обучение через примеры. Проведение интерактивных занятий, где воспитатели демонстрируют, что такое безопасное поведение.

3. Обустройство безопасной среды. Использование игровых площадок с мягким покрытием, регулярный осмотр оборудования на предмет повреждений.

Рискология в дошкольном образовании — это важный инструмент, способствующий гармоничному развитию ребёнка. Она помогает создать безопасную и благоприятную среду, где дети могут не только учиться и играть, но и развивать навыки, которые пригодятся им в жизни. Интеграция принципов рискологии в образовательный процесс способствует формированию у детей осознанного отношения к собственной безопасности и окружающему миру.

Список литературы

1. Чернявский, Д. И. Использование ролевого метода в системе менеджмента качества в высших учебных заведениях / Д. И. Чернявский, Д. В. Рудаков, К. В. Катък // Научное обозрение. – 2014. – № 3. – С. 297 – 303.

2. Костюкова, Т. П. Модель управления рисками образовательного учреждения / Т. П. Костюкова, И. А. Лысенко // Информационно-управляющие системы. – 2011. – № 2 (51). – С. 73 – 76.

3. Чернявский, Д. И. Риск – менеджмент в деятельности дошкольных образовательных учреждений различных форм собственности / Д. И. Чернявский, Д. В. Рудаков, Т. Г. Рудакова // Омский научный вестник. Сер. Общество. История. Современность. – 2012. – № 5 (122). – С. 53–55.

Қазақстанның мемлекеттік және жергілікті басқару жүйесіндегі орталықсыздандыру мәселелері

С.Ш. Мамбетова¹, Т.Б. Казбеков², Д.Т. Нұрсұлтан³

¹ э.ғ.к., менеджмент кафедрасының профессоры

² э.ғ.к., менеджмент кафедрасының профессоры

³ «Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім бағдарламасы бойынша 1 курс докторанты

sagynysh.2012@mail.ru, anuarbek.kazbekov@mail.ru, 0303_duks@mail.ru

^{1,2,3} Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.

Түйіндеме: Қазақстанның мемлекеттік және жергілікті басқару жүйесіндегі орталықсыздандыру мәселелерінің ілімдік негіздері қарастырылған. Елдегі мемлекеттік және жергілікті басқару жүйесіндегі орталықсыздандыру үдерісінің қазіргі жай-күйі талданған. Болашақта Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесіндегі орталықсыздандыру үрдісін жетілдіру бағыттары ұсынылған.

Кілт сөздер: Мемлекеттік басқару, жергілікті басқару органдары, орталықтандыру, орталықсыздандыру, өкілеттіктер, жергілікті бюджет, республикалық бюджет, бюджетаралық қатынастар.

Қазіргі таңда елімізде әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық, әкімшілік басқарушылық реформалар жүргізілуде. Бұл реформалар аясында елде мемлекеттік құрылысты жетілдіру, оның ішінде биліктің әр деңгейге бөлінуі, яғни мемлекеттік биліктің маңызды элементі болып табылатын жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіру өте маңызды мәселелердің қатарында тұр. Мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік және саяси жағынан одан әрі демократияландыруда, орталықсыздандыруда және жергілікті басқаруды

жетілдіруде әкімшілік-экономикалық тетіктерді қалыптастырудың алатын орны ерекше. Мемлекеттің негізгі қызметі ұлттық егемендікті, меншік құқығын, заңды және қоғамдық тәртіпті сақтау, ақша айналымын және сыртқы сауданы реттеу болып келеді. Жергілікті басқару аясына жергілікті бюджетті бекіту, жергілікті түсімдерді белгілеу, халыққа әлеуметтік көмек көрсету, ауылды абаттандыру және аумақтардағы тазалық жұмыстарын жүргізу кіреді.

Мемлекеттік және жергілікті басқарудағы орталықсыздандыру үдерісіне әртүрлі факторлар әсер етеді, оның ішінде тұрғылықты халықтың менталитеті, демократиялық дәстүрдің орнығуы және басқа да мәселелер бар. Биліктің өкілеттілігін тек жергілікті деңгейге көшіру мүмкін емес, ол қоғамның нақты жағдайларына негізделуі тиіс.

Орталықсыздандыру – орталықтандыруға қарама-қарсы басқару жүйесі, жергілікті атқарушы органдар мен өзін-өзі басқару органдарының билігі мен құзіреті шеңберінің кеңейтілуі. Яғни, мемлекеттік функцияның бір бөлігі жергілікті атқарушы және өзін-өзі басқару органдарына тапсырылады, олар өз кезегінде жоғары билікке жүгінбей-ақ өз атынан өкілеттіктерді жүзеге асырады. Осындай жолмен жергілікті және өзін-өзі басқару қамтамасыз етіледі.

Орталықсыздандыру негізгі үш талаптың орындалуын қажет етеді:

1. Жергілікті басқару органдары нақты белгіленген өкілеттіліктерге ие болуы шарт.
2. Олар құзырларына кіретін мәселелерді шешуге арналған тетіктер мен құралдарға ие болуы керек.
3. Олардың іс-әрекетіне мемлекеттік әкімшілік органдар тарапынан бақылау барынша шектелуі тиіс.

Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқару мәселесіне әлі күнге дейін қажетті көңіл бөлінбей келеді. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан республикасының заңына сәйкес жергілікті органдар белгілі билік өкілеттіліктерін іске асыру құқығымен қоса, мойнына үлкен жауапкершілікті де қоса алады, сондықтан билікті бөлуге жауапкершілікпен көңіл аудару қажеттігі туындайды. Жалпы орталықсыздандыру қағидасы әрі саясаты үшін жергілікті тұрғындардың әлеуметтік және тұрмыстық жағдайын қамтамасыз ету басты көрсеткіш болып табылады.

Әлемдік тәжірибеде орталықсыздандырудың екі түрі бар: шоғырландырудың алшақтауы (деконцентрация) және деволуция. Шоғырландырудан алшақтауды құзыреттердің мемлекеттік билік жүйесінің иерархиясы бойынша төменгі органдарына берілуі деп түсінеміз. Орталық органдарға қарағанда жергілікті басқару органдары өз деңгейіндегі мәселелермен, жағдайлармен тікелей таныс, сондықтан оларды шешу үшін тиісті өкілеттіктерді қолына алады.

Осы шоғырландырудан алшақтау үрдісі жергілікті проблемаларды шешуге көп мүмкіндік береді, сол себептен де аталмыш үрдісті «әкімшілік орталықсыздандыру» деп атайды.

Даму үрдісі көрсетіп отырғандай, нарықтық қатынастар жүйесіндегі әлеуметтік-экономикалық жүйе өзінің кез келген түрінде, оның ішінде аймақтық басқару түрінде де орталықтандыру мен орталықсыздандырудың тиімді бірлігіне негізделеді. Мұндай қарама-қарсы әлеуметтік-экономикалық басқару жүйесі динамикалық, стратегиялық жоспарланған және өздігінен реттелетін кіші жүйелер мен элементтерлерден тұратын ұйым түрлеріне негізделген.

Орталықтандыру мен дербестік байланысы жүйелі құрылымдық сипатқа ие, ол басқарудың орталықтандыру және орталықсыздандыру арақатынасындағы мәселелердің шешілу мүмкіндігін анықтайды.

Қазақстан Республикасының жеке аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының біртексіздігі, оның экономикасының күрделі аймақтық құрылымы және жүргізіліп жатқан макроэкономикалық саясаттың табыстылығы оның жергілікті деңгейде іске асырылуына байланыстылығы республикадағы мемлекеттік басқарудың орталықсыздандырылуының қажеттілігін көрсетеді. Оның даму мүмкіндігі макроэкономикалық тұрақтылық пен нарықтық қатынастардың тереңдеуіндегі жетістіктерге байланысты. Бұл үрдістен Қазақстанда ғана емес, басқа да елдерде, соның ішінде Орталық және Шығыс Еуропа елдерінде жүргізіліп жатқан

экономикалық, әлеуметтік, институционалдық және қоғамдық қайта құрулардың құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Бірақ есте ұстайтын жайт, мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру өте күрделі және сондықтан ұзаққа созылатын үдеріс. Оның жүзеге асырылуы белгілі бір шарттардың болуын, тек қана экономикалық емес, сонымен қатар құқықтық мәдени, саяси, мақсатты және терең негізделген аймақтық және саясат жүргізілуінің алғы шарттарының болуын қажет етеді. Мемлекеттік басқаруда оны орталықсыздандырудың ойластырылмаған қадамдары егер оның жалпы тұжырымдамасы ғылыми негізделмесе күтілген нәтиже бермейтін және басқарудың жергілікті жерлердегі тиімділігін жоғарылату жағдайын қамтамасыз етпейді.

Мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру өте күрделі және ұзаққа созылатын үдеріс. Оның жүзеге асырылуы белгілі бір шарттардың болуын, тек экономикалық қана емес, сонымен қатар құқықтық мәдениет, саяси мақсаттар және терең негізделген аймақтық саясаттың алғы шарттарын қажет етеді.

Қазақстанда орталықсыздандыру жүйесін зерттеу барысында әлемдік тәжірибенің үлгілері мен тұжырымдамаларын тереңірек зерттеу қажеттілігі туындайды. Бұл мәселені шешудің жолдары әрбір елдің аумақтық-географиялық және демократиялық ерекшеліктеріне, сондай-ақ саяси құрылымға негізделеді.

Басқарудың орталықтандырылған моделінен орталықсыздандырылуына өтуі жүйелі және сатылап жүргізілуі мүмкін. Бұл үдеріс әрбір даму сатысында елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси жағдайына байланысты әртүрлі міндеттерді шешуді талап етеді.

Мемлекеттік басқарудың орталықсыздандырылған жүйесінің қалыптасуы жинақталған әлемдік тәжірибенің зерттелуін және әлемдік тәжірибенің зерттелуін және әлемдік тәжірибеде қарастырылатын үлгілер мен тұжырымдамалардың елдегі экономикалық басқаруды орталықсыздандыруды тереңірек зерттеуді талап етеді.

Басқарудың орталықсыздандырылуының әлемдік тәжірибесін зерттеу маңыздылығы бұл мәселені шешу жолының көптүрлілігімен анықталады және ол келесідей негізгі факторларға негізделеді: әрбір елдің аумақтық-географиялық және демократиялық ерекшелігі, әкімшілік аудандарының өзіндік сипаты, әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі, өндірістік күштерді территориялық орналастыру ерекшеліктері, қазіргі басқарудың жүйесі және бұл жүйе деңгелері арасындағы қарым-қатынас, елдің саяси құрылымы, қоғамның демократияландырылуының деңгейі, негізделген макроэкономикалық және аймақтық саясаттық және дамудың стратегиялық мақсаттары мен міндеттерінің болуы, мәдени және ұлттық мәдениет және тағы басқалар.

Мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру жүйелеріндегі елдер бойынша айырмашылығы тек оның құрылымы мен дамуының модельдерінің көптүрлілігімен ғана көрініс таппайды, сонымен бірге бұл процестің өту кезеңі, мерзімі, жағдайымен көрінеді.

Дамушы елдер үшін, соның ішінде бұрынғы посткеңестік елдер үшін қазіргі кездерге дейін басқарудағы негізгі ерекшеліктері болып мықты орталық билікті құру болды, себебі бұл елдердің ең басты мақсаты тәуелсіздіктерін алғаннан кейін елдің бірлігін және саяси бүтіндігін сақтау, нарықтық және демократиялық өзгерістердің барлығын орталықтан басқару үлгісі келесі себептер бойынша тиімсіздігін көрсетті:

- мемлекеттік, аймақтық және жергілікті мүдделердің тепе-теңдігіне қол жеткізілмеуі;
- жергілікті ресурстарды тиімді және ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету қиындығы;
- мемлекеттік басқарудың орталық органдары жергілікті деңгейде қызметтердің шектелген көлемімен қамтамасыз етілуі немесе жергілікті ерекшеліктерді ескермей төмен сапалы тауарлар ұсынуға ғана қабілетті болуы;
- жергілікті органдардың билігі дербес және қаржылай қамтамасыз етілмегендігі кәсіпкерлікті дамыту үшін экономикалық және институционалдық жағдайларды жасау мүмкіндігінің шектеулігі.

Басқарудың орталықтандырылған моделінен орталықсыздандырылуына өтуі жүйелі және сатылап қана жүргізілуі мүмкін. Мұнда әрбір даму сатысында елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өмірінің нақты жағдайына байланысты әртүрлі міндеттер жүзеге асады.

05.06.2022ж. өткен Бүкілхалықтық Референдумнан кейінгі сөйлеген сөзінде Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К.Тоқаев елде билік басқару органдарының барлық деңгейлерінде жаңартылу үрдістері жалғасатынын айтқан болатын. Ендігі жерде мемлекет деңгейінде басқарушылық шешімдер төмендей талаптарға сай болуы тиіс:

- тек қысқа мерзімді ғана емес, ұзақ мерзімді нәтижелерді де есепке алу;
 - басқарушылық шешімнің оң мультипликативті әсерін есепке алу;
 - адал бәсекелестік және кәсіпкерліктің еркіндігі ережелерін қамтамасыз ету;
 - мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық міндеттерінің екі түрлі түсіндірілуін болдырмау, олардың қызметінің заңнамалық тұрғыдан дәл регламенттелуін қамтамасыз ету.
- қатаң орталықтандырылған басқару жүйесінен бас тартып, өкілетті билікті кеңейту.

Басқаша айтқанда ең алдымен мемлекеттік аппаратты реформалау көзделуде. Мемлекеттік қызметтің жаңа жүйесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды күшейтуді, мемлекеттік қызметшілерді іріктеуде ашықтықты арттыруды, меритократия қағидаларын нығайтуды, яғни кадрларды олардың атқарған еңбектеріне орай ілгерілетуді қамтамасыз ететіні күтіледі. Басқаша айтқанда, мемлекеттік қызметші лауазымдық сатымен кезең-кезеңмен, билік сатысының бір басқарушыдан келесісіне өзінің біліктілігі мен қабілетін жетілдіре және кәсіби деңгейін арттыра отырып көтерілуі белгіленіп отыр.

Осыған дейін жүргізілген әкімшілік-бюджеттік реформалардың шеңберінде биліктің республикалық және жергілікті (облыстық, қалалық және аудандық) деңгейіндегі өкілеттіктерді шектеу жұмыстары жалғасатын болады. Мемлекеттік емес қызмет бөліктері жеке салаға өтіп, мемлекеттік мекемелер мен органдардың қызметіне кіретін мемлекеттік қызмет саласы мәселелерінің шеңбері барынша дәлірек айтқындалады, жалпы алғанда мемлекеттік басқару жүйесінің базалық негізін құру үдерісі аяқталады.

Реформалау нәтижесінде бюджеттік жүйе айтарлықтай өзгерістерге ұшырайды, бюджет жүйесінің шегі нақты түрде белгіленіп, бюджеттік бағдарламаларды бөлу заң жүзінде бекітілетін болады, республикалық және жергілікті бюджет арасындағы түсімдер көлемі анықталады. Мемлекеттік және сондай-ақ жергілікті бюджеттің негізгі көрсеткіштері оптимистік, пессимистік және нақты мөлшерлі болжамға негізделеді.

Жаңадан құрылған облыстардың жергілікті атқарушы органдарына заңнама шеңберінде белгілі бір деңгейде шеттен алып пайдалану құқығы берілді, олардағы маслихат депутаттарының саны да пропорционал бөлінді.

Ата Заңымызға өзгерістер енгізілгенге дейін Парламент те, жергілікті маслихаттар да кез келген ауданның, қаланың бюджетін тексере алмайтын. Парламент депутаттарында мұндай өкілеттік жоқ болатын. Ал ел бюджетін бекітетін орган, яғни Парламент оның қалай жұмсалатынын білуі қажет. Енді есеп комитеті мен барлық тексеру комиссиялары аудиторлық палатаға біріктіріліп, жылына екі рет мәжіліс депутаттары алдында жария түрде есеп береді. Бұл - мәжіліске бақылауды күшейтуге бағытталған мүмкіндік болып табылады. Осылайша Республикалық, облыстық және жергілікті бюджеттер бақыланатын болады.

Бюджетаралық байланыстар жүйесін жетілдіру орталық пен аймақтар мүдделерінің тепе-теңдігіне қол жеткізуге, аймақтардың экономикалық дамуында мемлекеттік басқарудың төменгі сатысында тұрғандардың мүдделерін ескеруге, сонымен қатар жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталады. Бүгінгі таңда әрекет етіп отырған кірістер мен бюджет деңгейлері арасындағы шығындарды бөлу жүйесі бұдан бұрынғы жүйелерге қарағанда бір қатар басымдықтарға ие болады. Салықтың әрбір түрінің бағытталуына орай Республикалық және жергілікті бюджет аралық кірістердің көзін нақты бөлу қамтамасыз етіледі және олардың пайдалану бағытына шек қойылады. Жергілікті бюджеттің теңгерімділігіне жоғарыда тұрған бюджет тарапынан жәрдем қаржының бөлінуі және төменде тұрған бюджеттен бюджеттік алымдарды алу тәртібі жетілдіріледі.

Жоғарыда аталған қайта құрулар бағыттарын тиімді жүзеге асырудың нәтижесінде мемлекеттік және жергілікті басқару жүйесі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет сапалы

өзгерістерге ұшырайды және олардың заманауи талаптарына сай ең алдымен сапаға мән берілуін қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Қ.К.Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң және тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы: Егемен Қазақстан / 3 қыркүйек, 2024ж.
2. А.Нүкенов Жергілікті басқаруды жетілдіру. Саясат, 2023ж. №7
3. Атаманчук Г.В. Теория государственного управления. Курс лекций. – М.: Омега-Л, 2015.

Жасыл экономика: болашаққа апарар жол

А.О. Мусабекова¹, Т.А.Мұрат²

¹Менеджмент кафедрасының аға оқытушысы, э.ғ.м.

²«Менеджмент» мамандығы бойынша 1 курс студенті
tolganay5612@gmail.com

^{1,2}Бөкетов университеті, Қарағанды қ.

Түйіндеме: Қазіргі таңда әлем елдері экологиялық тұрақтылықты сақтай отырып, экономикалық дамуды қамтамасыз ету мәселесіне бет бұруда. Көптеген сарапшылар жасыл экономиканы болашақ ұрпақ үшін қолайлы өмір сүру ортасын қалыптастырудың маңызды жолы деп санайды. Жасыл экономика – бұл қоршаған ортаға зиян келтірмей, табиғи ресурстарды тиімді пайдаланып, экономиканы тұрақты дамытуға бағытталған экономика түрі. Жасыл экономикаға көшу болашақ ұрпақ үшін тұрақты даму жолын қамтамасыз етіп, қоршаған ортаға ұқыпты қараудың негізгі бағытын көрсетеді.

Кілті сөздер: жасыл экономика, экология, инвестор, стратегия, инфрақұрылым, технология.

Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдамасы Қазақстан халқының әл-ауқатын, өмір сүру сапасын арттыру және елдің әлемнің неғұрлым дамыған 30 елінің қатарына кіруі арқылы қоршаған ортаға түсетін жүктеме мен табиғи ресурстардың тозуын барынша азайта отырып, жаңа тұрпаттағы экономикаға көшу мақсатында терең жүйелі жаңартулар үшін негіз қалайды [1].

Осыған байланысты, «жасыл экономика» стратегиясын жүзеге асыру процесін ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан қарастыру керек, яғни кез келген кеңеюден қорғануды қамтамасыз ете отырып, халықтың экологиялық мәдениетін арттыру және әл-ауқатын жақсарту. «Жасыл экономика» – экономикалық ғылымның соңғы екі онжылдықта қалыптасқан бағыты. Сонымен қатар, үш негізгі қағида әзірленген:

- 1) кеңістіктегі ықпал аясын шексіз кеңейту мүмкін емес;
- 2) ресурстардың шектеулі жағдайында адамзаттың шексіз өсіп жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкін емес;
- 3) Жер бетіндегі барлық нәрсе бір-бірімен байланысқан және өзара тәуелді.

«Жасыл экономика» басты мақсаты – қазіргі таңда сарқылатын ресурстардың (минералдар – мұнай, газ, руда және т.б.) тұтынуын азайту және оларды рационалды пайдалану. Сонымен қатар, энергия үнемдеу мен энергия тиімділігі «жасыл экономика» үшін тек негізгі факторлар емес. Шын мәнінде, «жасыл» энергетиканың дамуының негізгі факторлары энергия үнемдеу мен энергия тиімділігімен қатар, жаңартылатын энергия, қалдықтарды азайту, қайта пайдалану және өңдеу, сондай-ақ ауыл шаруашылығында экологиялық таза басқару әдістерін қолдану болып табылады [2].